


АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



«Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Басқарма Төрағасы-
Ректорының
« 01 » наурыз 2022 жылы
№ 06-03-02/23 бұйрығымен
бекітілген

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Жас зерттеушілер кеңесінің
ЕРЕЖЕСІ

Көшірме	Код	Басылым	Құрастырған	Келісілген
	Е КазҰПУ	екінші	Лайсханов Ш. 	Бөрібаев Е.А. 
				Әбдіғапбарова Ұ.М. 
				Зулкарнай Г.Б. 

Алматы, 2022

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау бөлімі

«Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының
Басқарма Төрағасы - Ректорының
« 01 » қауыпсыз 2022 жылы
№ 06-03-02/23 бұйрығымен
бекітілген

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Жас зерттеушілер кеңесінің
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Жас зерттеушілер кеңесі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің консультативтік ұйым болып табылады. Кеңестің қызметі университеттің жас зерттеушілерінің ғылыми белсенділігін арттыруға, ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған ғылыми іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, түрлі ғылыми-инновациялық конкурстар мен жобаларды сүйемелдеуге, соның ішінде университеттің жас зерттеушілерінің ғылыми идеяларын іске асыруға көмек көрсетуге бағытталған.

1.2 Осы Ереже Кеңестің құқықтық мәртебесін анықтайды. Ереже Кеңестің жалпы жиналысында бекітуге ұсынылады. Осы Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар Кеңестің жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі және университет ректоры бекітеді.

1.3 Кеңес құрамына университеттің белсенді жас зерттеушілері кіреді. Оның саны шектелмеген. Кеңес құрамы Кеңестің жалпы отырысында қарастырылып, бекітуге ұсынылады.

1.4 Ереже Кеңес қызметінің мақсаттары мен міндеттерін, оның өкілеттігі мен құрамын, Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайды және негізгі регламенттеуші құжат болып табылады.

1.5 Кеңестің осы Ережемен анықталған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметі Кеңестің негізгі қызметінің мәнін құрайды. Кеңестің жоспарына сәйкес орындалатын іс-шаралар университет қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

1.6 Кеңеске жалпы басшылықты Зерттеу қызметі жөніндегі проректор жүзеге асырады. Кеңес жұмысы Ғылым департаментімен және университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерімен байланыста жүзеге асырылады.

1.7 Кеңес туралы ақпараттар университет Web-сайтында жарияланады.

КӨШІРМЕСІ ДҒҒҒЫС
Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау бөлімі

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы Ереже мынадай нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді: Қазақстан Республикасының Ғылым туралы Заңы, "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы.

3. Кеңестің мақсаты мен міндеттері

3.1 Кеңес қызметінің негізгі мақсаты - жас зерттеушілердің өзара тәжірибе алмасу алаңын құру және олардың ғылыми жұмыстарына ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ, университеттің, оның ішінде жас зерттеушілердің ғылыми жетістіктері мен еңбектерін насихаттау арқылы ғылымды танымал ету.

3.2 Кеңестің негізгі міндеттері:

- жас зерттеушілер кеңесіне талантты жас зерттеушілерді тарту арқылы кеңес құрамын жасақтау мен жаңарту және кеңестің мақсат-міндеттерін айқындау және жоспарын құру;
- жас зерттеушілердің өзара тәжірибе алмасу алаңын құру;
- университеттің жас зерттеушілерінің іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуіне ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету;
- отандық және шетелдік ғылыми және ғылыми-педагогикалық мекемелердің жас ғалымдарымен және Жас ғалымдар кеңестерімен байланыс орнату арқылы бірлескен зерттеулер жүргізу және іс-шаралар өткізу;
- университеттің, оның ішінде жас зерттеушілердің ғылыми жетістіктері мен еңбектерін насихаттау арқылы ғылымды танымал ету.

4. Кеңес қызметінің мәні

4.1 Кеңес 4 комитетке бөлінген. Әр комитеттің атқаратын өз функциясы бар:

Ғылыми-әдістемелік комитет. Ғылыми-әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, жас зерттеушілерге ғылыми-әдістемелік бағыттарда кеңес беру, жас зерттеушілердің зерттеулерін ынталандыруға және қалыптасқан мәселелерді шешуге байланысты ұсыныстар әзірлеу жұмыстарымен айналысады.

Ақпараттық комитет. Ғылыми ақпараттармен жұмыс жасау бойынша іс-шаралар өткізу және кеңес беру, Жас зерттеушілер кеңесі туралы университет сайтына ақпарат беру, Кеңестің әлеуметтік желідегі парақшаларын жүргізу арқылы ғылымды насихаттау жұмыстарын орындайды.

Ғылыми этика комитеті. Ғылым этикасы және зерттеу мәдениеті бойынша іс-шаралар өткізу және жас зерттеушілердің арасында «ғылымдағы әдеп», «академиялық адалдық» принциптерін түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жас зерттеушілер арасындағы әлеуметтік-тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды ұйымдастырумен айналысады.

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау бөлімі

Коллаборация комитеті. Отандық және шетелдік ұйымдармен және олардың Жас ғалымдар кеңестерімен байланыс орнату және бірлесіп жұмыс жасау, университетішілік ғылыми ұйымдарымен, оның ішінде студенттердің үйірмелермен жұмыс жасау, жастарға кәсіби бағдар беру және ғылымға тарту мәселелерімен шұғылданады.

5. Кеңестің Өкілеттігі

5.1 Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында:

- 1) университеттің әр түрлі құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларымен консультациялар өткізу, ақпарат сұрату және алу;
- 2) проблемалық мәселелерді талқылауға университет мамандарын, ғалымдар мен сарапшыларын тарту;
- 3) ғылыми кеңес отырыстарының күн тәртібіне енгізу үшін жас зерттеушілердің мәселелері мен ұсыныстарын әзірлеу;
- 4) ғылыми және қоғамдық өмірдің әр түрлі мәселелері бойынша бастамаларды және университеттің ғылыми жастарына қатысты шешімдерді әзірлеуге қатысу;
- 5) жас зерттеушілердің қатысуымен ғылыми іс-шаралар өткізу;
- 6) ғылыми және қоғамдық өмірдегі өзекті мәселелерді талқылау және түсіндіру жұмыстары үшін сыртқы сарапшыларды (көрнекті ғалымдар, лекторлар, атқарушы орган өкілдері, жаттықтырушылар, қоғам қайраткерлері) тарту;
- 8) университеттің жас зерттеушілерінің ғылыми әзірлемелерін қаржыландыруға инвесторларды тарту бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез-келген жұмыстарды жүзеге асыру.

6. Кеңестің құрамы және қызметін ұйымдастыру

6.1 Кеңес құрамы университеттің 40 жасқа дейінгі талантты және белсенді жас зерттеушілерінен (ғылым кандидаты немесе PhD дәрежесі бар жас ғалымдар, докторанттар, магистр дәрежесі бар оқытушылар) құралады.

6.2 Кеңесті төраға басқарады. Кеңес құрамына комитеттер бойынша бөлінген кеңес мүшелері кіреді.

Жас зерттеушілер кеңесі 4 комитеттен тұрады:

- 1) Ақпараттық комитет;
- 2) Ғылыми-әдістемелік комитет;
- 3) Коллаборация комитеті;
- 4) Ғылыми этика комитеті.

6.3 Кеңес төрағасы болмаған жағдайда міндеттер комитет жетекшілеріне ауысады. Комитет жетекшілері кеңес мүшелерінің арасынан сайланады. Кеңес төрағасы және комитет жетекшілері мен кеңес құрамы университет ректорымен бекітіледі. Кеңес төрағасы мен комитет жетекшілері үш жыл мерзімге тағайындалады.

6.4 Кеңес құрамына Кеңес мүшесінің өз функцияларын орындаудан бас тартуына немесе тиісінше орындамауына, Кеңеспен байланысты жоғалтуына байланысты құрамнан шығарылады. Кеңес мүшесін Кеңестен шығару немесе

КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ
Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау бөлімі

ауыстыру туралы шешім Кеңестің жалпы жиналысында қабылданады. Кеңес құрамынан шығару екі ескертуден кейін және келесі бұзушылықтар болған кезде жүргізіледі: ЖЗК отырыстарына қатыспау; жоспар мен өкімдерге сәйкес жүктелген міндеттемелерді орындау мерзімдерін ескермеу және мүлдем орындамау; кеңесте жұмысты орындауға қатысты салғырттық. Қандай да бір даулы мәселелер Кеңес Төрағасының дауысымен шешіледі.

6.5 Кеңес отырысы, егер оған Кеңестің бекітілген тізімдік құрамының кемінде 2/3 мүшесі қатысса немесе комитет төрағасы мен комитет жетекшілері түгел қатысқан жағдайда кеңес құрамының кемінде 1/2 мүшесі қатысса заңды болып табылады.

6.6 Кеңес шешімдері отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Талқыланатын мәселе бойынша дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Кеңес шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Кеңестің Төрағасы мен жауапты комитет жетекшісі қол қояды.

6.7 Кеңестің қызметі университет Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығымен тоқтатылады.

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау бөлімі